



ШЕШІМ

27.05.2015ж. № 311

Ақтөбе қаласы

РЕШЕНИЕ

город Актобе

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №115 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Ақтөбе облысы Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акт

20015 жылғы «26» 06

Нормативтік құқықтық кесімдерді

мемлекеттік тіркеудің тізіліміне

№ 4397 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 127-бабының 2-тармағына, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 36-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №156 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10171 тіркелген, Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарын айқындау және пайдалану режимі қағидаларының 3, 9-тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі №115 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3575 тіркелген, 2013 жылғы 16 мамырда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:


кіріспеде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы №1218 қаулысымен бекітілген, Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың қағидалары және оларды пайдалану режимінің 3, 8-тармақтарына» сөздері «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №156 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10171 тіркелген, Тарихи-мәдени мұра

000460

объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарын айқындау және пайдалану режимі қағидаларының 3, 9-тармақтарына» сөздерімен ауыстырылсын.


2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**



В. ЩЕГЕЛЬСКИЙ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**



С. КАЛДЫҒҰЛОВА

